

Ақтау қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 445 "Нысаналы топтардан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі" қаулысына өзгерістер енгізу

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 29 мамырдағы N 530 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінің Ақтау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 11 шілдеде N 11-1-85 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту" Заңдарына сәйкес, Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы әкімдігінің 2006 жылдың 24 мамырдағы [N 445](#) "Нысаналы топтардан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібі" қаулысына (N 11-1-31 тіркелген, 2006 жылдың 1 шілдеде N 105 "Маңғыстау" және "Оғни Мангистау" 2006 жылдың 1 шілдеде N 105 газетінде жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген нысаналы топтардан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібінде:

2-тармағы "алты айға дейін жол беріледі" деген сөздер "шартпен анықталады" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.К. Хитуовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Бекбергенов

" К Е Л І С І Л Д І " :

Қалалық жұмыспен қамту және

әлеуметтік бағдарламалар

бөлімінің бастығы _____

Айтбатырова К.М.

" _____ " _____ 2008жыл